

УДК 341

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЖАРИЯ ҚҰҚЫҚПЕН БАЙЛАНЫСЫ

**Еспол Ерқайрат**

[espolov00@mail.ru](mailto:espolov00@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ заң факультеті  
Халықаралық құқық мамандығының 3 курс студенті  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – Сейдеш Б.Б.

***Аннотация:***

*Мақалада халықаралық жеке құқық ұғымы қарастырылады. Сонымен қатар қандай халықаралық жеке құқықтың қандай құқықтық қатынастарды реттейтіні туралы айтылады. Халықаралық жария құқықпен арақатынасы туралы ғалымдардың көзқарастары айтылады.*

***Аннотация:***

*В статье рассматривается понятие международного частного права. Также говорится о том, какие правовые отношения регулируют международное частное право. Выражаются взгляды ученых о соотношении с международным публичным правом.*

***Annotation:***

*The article deals with the concept of private international law. It also refers to what legal relations regulate private international law. Scientists' views on the relationship with public international law are expressed.*

**Кілт сөздер:** Халықаралық жеке құқық, шетел элементі, құқықтық қатынастар

**Ключевые слова:** Международное частное право, иностранный элемент, правовые отношения

**Keywords:** Private international law, foreign element, legal relations

Халқаралық жеке құқық ол шетел элементінің қатысуынан болатын азаматтық құқықтық қатынастарды реттейтін нормалар жиынтығы. халқаралық жеке құқықтың мақсаты- әр түрлі елдердің фирмаларымен ұйымдардың арасындағы іскерлік байланыстарды құқықтық реттеу болып табылады. Халқаралық құқықтағы сияқты, халқаралық жеке құқықта да жалпы қоғамдық мүдде мен жеке тұлғалардың мүдделері толығымен ескерлуге жатады.

Халқаралық жеке құқықта шетелдіктердің жеке мүліктік және мүлікті емес құқықтары туралы, олардың еңбек, отбасы және басқа салалардағы құқықтары туралы мәселелер қарастырылады. Халқаралық жеке құқық нормалары қазақстандағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайын және біздің азаматтарымыздың шетел мемлекетіндегі құқықтық жағдайын анықтайды. Халқаралық жеке құқықтың реттеу пәні халқаралық өмірде пайда болатын азаматтардың құқық сипаттағы түрлі қатынастар болып табылады. Халқаралық жеке құқықтық өз бетіндік, тәуелсіз құқық болып табылады. Халқаралық жеке құқық жария құқықтық емес, жеке құқық қатынастарды реттейді. Халқаралық жеке құқық халқаралық жария құқықтан ең бірінші айырмашылығы олардың реттейтін қатынастарының мазмұнының әр түрлілігінде. Халқаралық жария құқықта мемлекеттер арасысындағы саяси қарым қатынастар, бейбітшілікпен халқаралық қауіпсіздігі, мемлекеттің егемендігі мәселелеріндегі, мемлекет ісіне араласпау, қарусыздану сияқты мәселелер қарастырылады, ал халқаралық жеке құқық жария құқықтық емес, жеке құқықтық қатынастарды реттейді. Мысалы, ең біріншіден мүліктік қатынастар мәселен, авторлық пен патенттік құқық саласында, яғни олар халықаралық жеке құқықтан реттеу аясында жататын қатынастар болып табылады. Екіншіден халқаралық жария құқықтан халықаралық жеке құқық тек өзінің реттеу пәні мен ғана емес, сол қатынастардың субъектілерімен ерекшеленеді. Мемлекеттер халқаралық жария құқықтың негізгі субъектілері болып табылады, онымен қатар, халқаралық ұйымдармен өз тәуелсіздігі мен бостандығы үшін күресуші ұлттарда осы топқа жатқызылады. Ал халқаралық жеке құқыққа қатысушылар мемлекет ғана емес, ең басты қатысушылары жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар болып табылады. Жеке тұлғалар бұлар азаматтар, ал заңды тұлғалар бұл мемлекеттік ұйымдар, және фирмалар, өндірістер, ғылыми зерттеу және басқа да ұйымдар. Халқаралық жеке құқық өзге құқық салаларына қарағанда бертін пайда болды. Оның негізін қалаушы американдық зерттеуші Джозеф Стори аталды. 1834 жылы оның « Заңдар палезиясының каментарий деген» кітабында алғаш рет халқаралық жеке құқық термині қолданылған болатын.

Халықаралық жеке құқық бұл шетел элементінің қатысуымен болатын қатынастарды реттейді.

1. Шетелдік болып табылатын субъектінің қатысуымен болатын мүліктік қатынастар. Бұл шетел мемлекетінің азаматы, шетел мемлекетінің заңды тұлғасы немесе тіпті шетелдік мемлекеттің өзі де болуы мүмкін. Мысалы, қазақстандық өнер кәсіп орны ағылшындық фирмамен тауар партиясын сату туралы шарт жасайды. Мұндай жағдайда шетелдік элемент болып ағылшындық фирма болып табылады.

2. Тиісті қатынастардан пайда болатын объект шетел аумағында болатын болса, мысалы, мұрагерлік мүлік.

3. Заңды факт шетел аумағында орын алу керек, мысалы, зиян келтіру, шарт жасасу, өлім т.б

Шетел элементі бар азаматтық – құқықтық қатынастарды реттеудің басты ерекшелігі – көп жағдайда халқаралық жеке құқық мәселелерін шешуде тікелей ереже және қолданылатын ереже жоқ. Бұл ережелер тек қай заңнама қолданылуы керек екендігін

көздейді. Мұндай сипаттағы ережелер колезиялық деп аталады. Заң тұрғысынан алғанда колезиялық нормалар халқаралық жеке құқық құрамына кіретін аса күрделі нормаларды білдіреді.

Мемлекеттер қолданылатын осындай нормалардың жиынтығы коллизиялық құқықты құрайды. Халықаралық жеке құқықтың, қоғамдық қатынастарының екі белгісін шығарып айтуға болады.

Олар: халқаралық және азаматтық – құқықтық болып табылады. Тек қана осы екі белгінің бір кезде кездесуі ғана қоғамдық қатынастардың құрамынан халқаралық жеке құқықтың пәні болып табылатын қатынастарды бөліп қарастыруға болады. Мысалы, Қазақстан азаматының өлімінен кейін оның қазақстандағы мұрасы ашылады және оған сәйкес мұрагерлері анықталады.

Бұнда азаматтық құқықтық қатынастар туындайды. Егер осы мұра басқа бір мемлекет аумағында ашылса немесе мұрагерлер шетелдік азаматтар болып шықса, онда бұл халқаралық жеке құқықтың көмегіне жүгінетін қатынас болып табылады.

Яғни халқаралық жеке құқықтың пәні болып – халқаралық, азаматтық құқықтық қатынастар болып табылады.

Қорыта айтқанда,

1. Халықаралық жеке құқық кең ауқымда алғанда халқаралық құқыққа жатады.
2. Халықаралық жеке құқық мемлекеттің ішкі заңнамасының құрамына кіреді.
3. Халықаралық жеке құқық құқықтың кешенді саласы болып табылады.

Қазіргі жаңа кезеңдегі халықаралық құқықты, халықаралық жария және халықаралық жеке құқық болып екіге бөледі. Негізінен **үш көзқарас** қалыптасқан.

1. *Халықаралық жеке құқық ұлттық құқықтың бөлігін құрайды және құқық ретінде мүлдем қарастырылмайды, сонымен бірге азаматтық құқық жүйесіне жатады. Бұл, тұжырым алғашқы рет 1926-шы жылы И.С. Перетерскийдің еңбегінде аталып өтті.*

2. *Халықаралық жеке құқық халықаралық құқықтың құрамы, интернационалдық бағытты ұстайды, яғни халықаралық құқық тең халықаралық жеке құқық, қосылған халықаралық жария құқық. Бұл көз қарасты С.Б. Крылов пен В.Э. Грабарь ұстанды.*

3. *Халықаралық жеке құқық азаматтық құқықтың арнайы салаларының бірін құрайды бірақ, негізінен ХЖҚ-пен тығыз байланысты.*

Сонымен, халықаралық жеке құқық - бұл шетел элементімен күрделендірілген, жеке құқықтық қатынастарды реттейтін, мемлекеттің унификацияланған жеке құқықтық және колезиялық құқықтық нормаларының жүйесі болып табылады.

Халқаралық жеке құқық – құқықтың бір саласы ретінде басқа құқық салаларынан ерекшеленеді. Халқаралық жеке құқық 2 бөлімнен тұрады

1. жалпы;
2. ерекше;

Жалпы бөлімде халқаралық жеке құқықтың принциптерімен негізгі бастамаларына байланысты жалпы ережелер қаралады. Бұлардың қатарына коллизиялық ережелердің қызмет етуі, шетелдік құқықты қолдануды шектеу мәселелері, сыртқы мәселелермен ішкі заңнаманың ара – қатынасы, шетел азаматтары мен заңды тұлғаларына ерекше құқықтық режимді белгілеу сияқты ережелерді жатқызуға болады.

Халқаралық жеке құқықтың ерекше бөлімі негізгі институттарынан тұрады. Азаматтардың азаматтық құқықтық жағдайы, мемлекеттердің ерекше құқықтық қатынасқа түсуші ретіндегі ерекшеліктері, меншік құқығы, мәмілелер, түрлі сипаттағы шарттар, зиян келтіру салдарынан пайда болатын міндеттемелер, интеллектуалдық меншік құқығымен байланы нормалар, мұрагерлік, отбасы, неке сонымен қатар еңбек қатынастары.

Халқаралық жеке құқық жүйесінде халқаралық арбитраж туралы мәселе ерекше бөліп қарастырылады.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Богуславский М.М. Международное частное право. М., 1994. 294- бет.

2. Нысанбекова Л.Б., Халықаралық жеке құқық, оқу құралы, Алматы: Жеті жарғы, 2006 ж.
3. Ануфриева П.К. Международное частное право: В 2 т. М.: Бек.2000
4. Лунц Л.А., Марышева Н.И., Садикова О.Н. Международное частное право. М., 1984